

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ САПАСЫН
БАҒАЛАУ РЕЙТИНГІСІН ӨТКІЗУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРОВЕДЕНИЮ РЕЙТИНГА ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА
ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

**Нұр - Сұлтан
2021**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген

Мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын бағалау рейтингісін өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр - Сұлтан, 2021- 45 бет.

Пікір жазғандар:

Б.О. Арзанбаева п.ғ.к., доцент
А. М. Мухаметжанова, меңгеруші
А.Ж. Мангазинова, әдіскер

Әдістемелік ұсынымдар меншік түрі мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын бағалаудың өлшемшарттары мен көрсеткіштерін қолдану мәселелері бойынша ұлттық жүйені құру үшін озық тәжірибелерді зерделеу мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, педагогтеріне, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖОО мен колледждердің студенттеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2021 жылғы 26 қарашадағы № 9 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты»
2021ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында білім беруді дамытудың, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың негізгі бағыттары айқындалған. Қолжетімді және сапалы мектепке дейінгі білім беру Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарының тізбесіне енеді.

Бұл мәселенің өзектілігі қазіргі кезде отандық білім беру жүйесінде әлі де мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың бірыңғай тәсілдерінің, тетіктері мен құралдарының болмауында.

Ел Президенті үздік әлемдік тәжірибелерді қолдана отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалауды енгізу міндетін қойды.

Бұл талаптарға бүкіл әлемде белсенді қолданылатын ECERS-R (Early Childhood Environment Rating Scales) халықаралық шкалалары негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы білім беру сапасын кешенді бағалау жүйесінің мазмұны сәйкес келеді.

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі-Модель) бекітілді.

Модельде айқындалған негізгі міндеттердің бірі - заманауи ғылыми деректермен, баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктері негізінде мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапасын бағалаудың ұлттық мониторинг жүйесі мен шеңберін әзірлеу және енгізу.

Қазіргі кезде сертификатталған зерттеушілер тобы ECERS-3 халықаралық шкаласын қолдана отырып, өңірлер бойынша мәліметтер жинақтауда.

Әдістемелік ұсынымдардың **мақсаты:** баланың сапалы және қолжетімді тәрбие мен дамытуға деген құқығын іске асыру үшін мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттырудың инновациялық тәсілдерін іске асыру.

Міндеттері:

мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын бағалау құралдарын, өлшемшарттары мен көрсеткіштерін әзірлеу;

мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын бағалаудың өлшемшарттары мен көрсеткіштерін қолдану мәселелері бойынша озық тәжірибелерді зерделеу;

балабақшаны таңдауда ата-аналарға көмек көрсету;

мектепке дейінгі білім беруді дамытудың мәселелерін анықтау;

мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын жақсарту бойынша шаралар қабылдау;

талдау жүргізу және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін басшыларға мүмкіндік беру;

мектепке дейінгі ұйымдар арасында салауатты бәсекелестік орта құру.

Кез-келген жүйенің даму процесінің сапасын бағалау оның шынайы жағдайын қажетті жағдаймен салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Жүйе

толықтай және әр баланың жеке даму процесінің нәтижесінде қол жеткізілетін қажетті жағдай жасалуы керектігін нақты түсінбеген жағдайда білім беру процесі толығымен мақсатты және сапалы болмайды.

Күтілетін нәтиже:

меншік түрі мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапасын бағалаудың өлшемшарттары мен көрсеткіштері әзірленеді;

кәсіби және өзін-өзі дамытудың неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында білім беру процесінің барлық қатысушыларын кәсіби өсуге және өзін-өзі жетілдіруге ынталандырады;

тәрбиеленушілердің физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық әл-ауқаты мен бастамашылдығын, дербестігі мен жауапкершілігін дамыту үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі;

көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына ата-аналар қауымдастығының қанағаттану деңгейі артады;

мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру нәтижелерінің сапасы жетілдіріледі.

Республикада мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын бағалаудың бұл тәсілі 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен ұлттық құндылықтарды үйлестіруге бағытталатын болады.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау жүйесін құру тәрбиеленушілердің дайындығына қойылатын талаптардың бірлігін, олардың жетістіктерін бағалаудың шынайылығын, мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Модельді іске асырудың кешенді жоспарына сәйкес 2025 жылға қарай мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесі апробациядан өткізіледі және енгізіледі.

Бүкіл әлемде бағалаудың кешенді құралы ретінде қолданылатын ECERS-3 әдістемесі негізіндегі осы жұмыс үздік мектепке дейінгі ұйымдардың өлшемшарттары мен көрсеткіштерін анықтау мәселелерінде мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне және ата-аналар қауымдастығына пайдасын тигізеді.

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ» ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Отандық білім беруді жаңғырту бүгінгі күні барлық білім беру жүйесі үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жаңғыртудың негізгі аспектілерінің бірі білім беру сапасын қамтамасыз етуге, оны бағалау жүйесін жетілдіруге, қоғам талаптарына сәйкестендіруге бағыттау болып табылады.

Басқару қызметін бағалаудың әртүрлі параметрлерін кешенді зерделеу әлеуметтік басқару және шетелдік менеджмент теориясында (М.Альберт, И. В. Бизюкова, П. Ф. Друкер, Л. И. Меньшиков, М. Х. Мескон, А. М. Омаров, Г. Х. Попов, Ф. А. Тейлор, Ф. Хедоури және т. б.); педагогикалық жүйелерді басқаруда (Е. С. Березняк, Т. М. Давыденко, В. И. Зверева, М. И. Кондаков, В.С. Лазарев, А. А. Орлов, М. М. поташник, В. С. Пикельная, Е. П. Тонконогая, П. И. Третьяков, П. В. Худомицкий, Р. Х. Шакуров және т. б.); білім беру сапасын зерделеудегі әртүрлі тәсілдерде (Т. И. Алиева, М. В. Крулехт, Л. А. Парамонова) көрініс тапты.

Сапа – бұл қызметтің барлық жақтарының тиімділігін сипаттайтын кешенді түсінік: стратегияны әзірлеу, тәрбиелеу-білім беру процесін, маркетингті және т.б.ұйымдастыру.

«Білім беру процесінің сапасы» түсінігі көп қырлы. *Балалардың пікірлері бойынша*, бұл олар үшін қызықты, тартымды ойын түрінде оқыту; ата-аналардың пікірлері бойынша, бұл балалардың денсаулығын сақтайтын (психикалық және физикалық), олардың қызығушылығы мен оқуға деген ынтасын қолдайтын, мектепте оқуға және және т. б. мүмкіндіктер беретін бағдарламалар бойынша балаларды тиімді оқыту;

тәрбиешілердің пікірлері бойынша, бұл олардың қызметіне МДҰ-ның басшысы мен ата-аналардың оң баға беруі, екінші жағынан - олардың тәрбиеленушілерінің табысты оқу нәтижелері, денсаулығы мен жеке жетістіктері;

МДҰ басшысының пікірінше, бұл:

1) тәрбиешілер мен МДҰ қызметінің ұйымдастырушылық құрылымының тиімділігі;

2) ата - аналар мен балалар тарапынан тәрбиешілер мен МДҰ қызметіне жоғары баға берілуі;

3) МДҰ тәрбиеленушілерінің оқытудағы табысты нәтижелері, денсаулығы мен жеке жетістіктері;

4) жоғары тұрған білім беру органдары тарапынан МДҰ мен басшысы қызметінің жоғары бағалануы;

микро немесе макро деңгейдегі көшбасшының пікірі бойынша, бұл басқарылатын ішкі жүйе қызметінің тиімділігі мен өміршеңдігін арттыру.

Бірқатар ресейлік зерттеушілер балалар мекемелері тәрбиеленушілерінің психикалық, физикалық және жеке дамуына төрт аспект ерекше ықпал ететініне негіздеме берді: заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру сипаты, тәрбиешінің мінез-құлқы, білім беру бағдарламасының түрі және балалар мен ересектердің сандық қатынасы.

Неміс ғалымдары В. Фтенакис, М. Р. Текстор және В. Титце «педагогикалық сапа» түсінігін енгізді, оған келесі параметрлер кіреді: баланың аман-саулығы және оның әртүрлі салалардағы даму мүмкіндіктері (физикалық, эмоционалды-сезімдік, әлеуметтік, зияткерлік), сондай-ақ баланы күту және тәрбиелеуде отбасын қолдау мүмкіндіктері.

О. А. Сафонова білім беру сапасын мектепке дейінгі мекемедегі мониторинг нысаны деп атайды, оны төрт блок түрінде ұсынады:

білім беру процесінің сапасы (элементтері мазмұны, ұйымдастырылуы, балалар, педагогтер, педагогтер мен балалардың өзара әрекеті болып табылады);

ресурстармен қамтамасыз ету сапасы (білім беру процесі үшін қажетті жағдайлар);

басқару сапасы;

мектепке дейінгі мекемедегі білім беру жүйесінің жұмыс нәтижелерінің сапасы.

И.А. Рыбалованың пікірінше, мектепке дейінгі мекемедегі білім беру процесінің сапасын басқару білім беру процесінің даму параметрлерінің және оның нәтижелерінің тиісті талаптарға барынша сәйкес келуіне қол жеткізу мақсатында басқарушы және басқарылатын кіші жүйелердің мақсатты, кешенді және үйлестірілген өзара әрекеті ретінде қарастырылады.

С.Е. Шишов пен В. А. Кальней «білім беру сапасы» түсінігін толық қарастырды. Олар білім беру сапасын қоғамдағы және жеке тұлғаның білім беру процесінің деңгейі мен нәтижесін анықтайтын әлеуметтік, психологиялық – педагогикалық санат, оның жеке және кәсіби құзыреттілікті дамыту мен қалыптастырудағы қажеттіліктері мен нәтижелеріне сәйкестігі, түпкілікті нәтиженің стандартқа сәйкестігін анықтайтын шара деп санайды.

Кешенді бағалау өлшемшарты-педагогтің кәсіби қызметі сапасының белгіленген нормаларға, талаптарға, эталондарға, стандарттарға сәйкес келетін дәрежесінің белгісі. Кешенді бағалау өлшемшарттары арасындағы негізгі құрылымдық компонент мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысы болып табылады.

Ресей авторлары Алиева Т. И., Крулехт М. В., Парамонова Л. А. мектепке дейінгі білім беру сапасының жүйесін бағалауда мынадай тәсілдерді ұстанады:

аксиологиялық тәсіл – баланың жыныстық-жас және жеке ерекшеліктерінің деңгейін анықтауға, баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін дамытуға және оны көрсету құқығын айқындауға, сондай-ақ балалардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуы үшін жағдайлар жасауға ықпал ететін тәсіл;

әлеуметтік-мәдени тәсіл – баланың дербес әрекетіндегі мінез-құлық деңгейін, баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау қабілетін бағалауға, проблемалық (арнайы жасалған) жағдайларды шешуге және күнделікті қиындықтарды еңсеруге арналған тәсіл;

құзыреттілік тәсілі балалардың құзыреттілік түрлерін (тілдік, зияткерлік, физикалық, әлеуметтік және т.б.) тікелей білім беру қызметінде, ойында, еңбекте, регламенттелмеген әрекетте меңгеру деңгейін анықтауға көмектеседі.

Сапаны бағалау параметрлерін бөлудің барлық тәсілдерін мынадай топтарға біріктіруге болады:

заманауи талаптарға сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесін және сапалы педагогикалық қолдауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары мен әдістемелік қамтамасыз ету сапасының деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін *білім беру қызметі*;

дамытушы орта. Жабдықталған заттық-дамытушы орта тәрбиеленушіге өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді және оның даму деңгейінің динамикасын бақылауға көмектеседі;

физикалық денсаулық: мұнда психологиялық жайлылық зерделенеді. Бұл көрсеткіш баланың эмоционалды әл-ауқатын, жағымды МЕН-тұжырымдамасын, ата-анасымен, құрдастарымен және педагогтермен өзара қарым-қатынас саласындағы табыстылық пен әл-ауқатты бағалауға мүмкіндік береді;

денсаулық сақтау қызметі физикалық және психикалық күйзеліссіз МДҰ-да тәрбиелеу мен дамыту процесін ұйымдастыруға, баланың денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді;

отбасы мен баланың мектепке дейінгі ұйымның қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыру.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйым жүйесін бағалаудың мынадай интегралдық көрсеткіштерін бөліп көрсетуге болады, олар осы сатыдағы білім беру сапасын анықтайды:

Баланың аман-саулығын, оған МДҰ-да психологиялық, әлеуметтік және физикалық жайлы болуын қамтамасыз ету;

балабақшаның баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға дайын болуы, қажет болған жағдайда дамудың әртүрлі кемшіліктерін түзетуді қамтамасыз етуі;

барлық дамытушы бағдарламаларды меңгеруде мектепке дейінгі ұйымның баланың табысқа жетуіне бағыт беруі;

МДҰ-ның көрсететін қызметтеріне баланың, ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Әрбір тәсілдің маңыздылығы мен өзін-өзі қамтамасыз етуіне қарамастан, оларды кешенді қолдану ғана мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесі мәселелерін толыққанды шешуге мүмкіндік береді.

ҚР ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Сапа ұғымын нақтылай келе, оның жетістіктеріне әсер ететін факторлар туралы мәселеге назар аударуымыз қажет. Білім беру саласындағы, оның ішінде мектепке дейінгі білім беруді зерттеушілер оларды жіктеудің әртүрлі негіздерін ұсынады.

Сапаны бағалау сыртқы және ішкі болуы мүмкін.

Сыртқы факторлар мектепке дейінгі білімге қатысты сыртқы ортамен сипатталады. Олар белгілі бір дәрежеде мектепке дейінгі білім сапасына әсер етеді, бірақ сыртқы факторлармен басқарылып реттелмейді. Олардың ішінде;

отбасын, әлеуметтік-экономикалық факторларды; бәскелестік факторларды (бәскекелестіктің болуы немесе болмауы); балалардың жеке ерекшеліктері (дене бітімі, сондай ақ психологиялық); мектепке дейінгі ұйымға «баруда» балалардың даму деңгейін (бастапқы деректер деп аталады) бөліп қарауға болады.

Ол нәтиженің сапасын көрсетеді және:

- білім беру қызметін мемлекеттік реттеу тәртібі (мемлекеттік қадағалау және аттестаттау);
- білім беру сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу;
- мектепке дейінгі ұйымның мониторингі арқылы жүзеге асыру болып табылады.

Сапаны бағалаудың ішкі жүйесі білім беру қызметінің сапасын және тиімді нәтижені арттыруға бағытталып негізделген және басқару шешімдерін уақтылы қабылдау үшін мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы жағдайын жүйелі түрде қадағалау мен талдауды қамтиды.

Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесі білім беру қызметінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес деңгейін белгілеуге арналған.

Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалаудың ішкі жүйесі үшін пайдаланылатын ұйымның негізгі нысандары:

- мониторинг (мақсатты жүйелі бақылау, әңгімелесу, құжаттаманы талдау, сауалнама және т. б.);
- бақылау (оперативті, тақырыптық, фронтальды, қорытынды, өзара бақылау). Бұл факторлар айтарлықтай бақыланатын және реттелетін болып саналады.

Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің нысандары:

- мектепке дейінгі білім беру сапасы;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі;
- заттық-кеңістіктік дамытушы орта;
- материалдық-техникалық база;
- балабақша аумағы;

- гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтау болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру сапасы:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шарттарын;
- жас топтары бойынша барлық сандық көрсеткіштердің жиынтық ведомосын және Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін;
- мониторинг нәтижелерін (аралық және қорытынды диагностика);
- баланың даму динамикасы (білім беру қызметі барысында баланың жетістіктерін тіркейтін балалар портфолиосы; баланың жеке даму картасы, жеке дамудың әртүрлі шкаласы);
- педагогикалық диагностиканы жүргізудің түрлі тәсілдерін, белгіленген вариативтік білім беру әдістемелерін қолдануды;

- тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және олардың сөйлеу қабілетін дамыту көрсеткіштерін;
- шығармашылық, ынта, креативтілік, қызығушылық, тапқырлық, адамгершілік даму дәрежесі және т. б. сияқты жеке даму көрсеткіштерін;
- баланың мектепке дайындық дәрежесін
- білім беру процесін қажетті әдістемелік құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз етуді ұсынады.

Балалар портфолиосы үш негізгі блоктан тұруы мүмкін: «Ол (бала) қандай жақсы»; «Ол қандай шебер»; «Ол қаншалықты табысты», ол баланың шығармашылығы үлгілерін, грамоталарды, фото-бейне материалдарды қамтиды.

Ақпарат жинау әдістері; баламен бейресми әңгіме «Сен немен айналысқанды ұнатасың?»; балалардың жобаларға қатысуы туралы әңгімелер (танымдық, зерттеушілік) болып табылады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі

- білім деңгейі әртүрлі педагогтердің пайыздық арақатынасын;
- педагогикалық кадрларды аттестаттауды;
- педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткендері туралы мәліметтерді;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің ерекшеліктерін қарастырады.

МДҰ-дағы әрбір қатысушының мектепке дейінгі білім беру сапасына қоятын талаптары (балалар, ата-аналар, педагогтер, басшылар)

- *баланың отбасы тарапынан мектепке дейінгі білім беруге қанағаттануы* (МДҰ ресми сайтындағы ашық қолжетімділіктегі пікірлер, сауалнама, сауалнама нәтижелері):

- балалардың отбасыларымен өзара қарым-қатынасы;
- ата-аналардың оң бағасы;
- «шаршатпай оқыту»;
- олардың психикалық, физикалық денсаулығын сақтауы (хореография, тұз шахтасы және т. б.),
- балалардың оқуға деген ынтасын қолдау (робототехника, эксперименттік-зерттеу, жобалау қызметі)
- балалардың пікірлері: «жақсы балабақша» - бұл жерде «көп ойнайды» және оқыту олар үшін қызықты ойын түрінде өткізіледі.

МДҰ басшылары үшін

- педагогтер мен тәрбиеленушілердің табысты әрекеті,
- Үлгілік оқу бағдарламасын толық меңгеру;
- балалардың денсаулығын сақтау;
- балаларды мектепке дайындау;
- педагогтердің өзін-өзі дамытуға уақытты тиімді пайдалануы;
- ата-аналар мен балалардың педагогтердің қызметін жоғары бағалауы және МДҰ мәртебесін арттыру;
- тамақтандыруды ұйымдастыруды нақты жаратқандыру;

- осы оқу жылындағы балалардың сырқаттанушылық статистикасы қажет.

Бұл жағдайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдары білім беру сапасын ішкі бағалаудың **өзін-өзі тексеру** сияқты әдісін пайдалана алады.

Өзін-өзі текеру бірнеше кезеңдерде жүргізіледі:

- 1) өзін-өзі тексеруді өткізу бойынша жұмыс жоспарланады және дайындалады;
- 2) өзін-өзі тексеру тәртібі ұйымдастырылады және жүргізіледі;
- 3) алынған нәтижелер қорытындыланады және өзін-өзі тексеруді өткізу туралы есеп қалыптастырылады;
- 4) есепті білім беру ұйымын бақылаушы орган қарайды.

Өзін-өзі тексеру кезінде білім беру сапасының негізгі көрсеткіштері:

- МДҰ-ды басқару жүйесін;
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруды;
- тәрбиеленушілерді даярлау сапасын;
- жеке ерекшеліктерін ескере отырып, баланы қолдауды;
- материалдық-техникалық базаны қамтиды.

Рейтингтік зерттеулер немесе өлшеу материалдары бағалауға арналған құрал бола алады.

Білім беру сапасын бағалаудың кешенді әдісі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен тікелей байланысты, ол білім базасын ғана емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық мәдениетті де меңгеруді көздейді, соның негізінде тұлғаның жан-жақты дамуы жүреді.

МДҰ-дағы ішкі сараптамалық кеңес МДҰ меңгерушісінің бұйрығы негізінде құрылады. Ішкі сараптамалық кеңестің қызметі Ережемен реттеледі, онда мынадай бөлімдер - ішкі сараптамалық кеңестің жалпы ережелері, мақсаттары мен міндеттері, ішкі сараптамалық кеңестің құрамы, қызметті ұйымдастыру, құжаттама мен есептер, құзыреті мен жауапкершілігі көрсетіледі.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын бағалау мәселелері бойынша құралдарды әзірлеу үнемі жетілдіріліп, жаңартылатын болады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Әлемнің әртүрлі елдерінде мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасын анықтаудың әртүрлі құралдары қолданылады.

Қазіргі кезде **АҚШ-та** мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мынадай бағалау құралдары кеңінен таралған – «Early Childhood Environment Rating Scale» (ECERS) және «Early Language and Literacy Classroom Observation» (ELLCO).

АҚШ-тағы ірі коммерциялық емес ұйым ерте жастағы балаларға ұлттық білім беру қауымдастығы (National Association for the Education of Young Children (NAEYC)) кәсіби стандарттарды анықтау үшін, сондай-ақ ата-аналарға балаларына арналған неғұрлым сапалы мекемелерді таңдауға көмектесу үшін мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз аккредиттеу жүйесін ұсынады.

Қазіргі кезде NEASC аккредитациясы АҚШ-тағы мектепке дейінгі білім беру сапасының белгісі болып табылады, оның құрамына жартылай автономды болып табылатын мемлекеттік және жеке филиалдар кіреді.

Дамытушы орта, кеңістік пен түрлі аймақтарды (ойын, музыка, өнер және т.б.) ұйымдастыру бойынша ең төменгі нормалар, балалардың сөйлеуінің дамуы, сөйлеу ортасын ұйымдастыру, балаларға арналған кітаптардың қолжетімділігі; балалардың бір-бірімен және ересектермен өзара ықпалдастығы, тәрбиешілердің біліктілігі, қызметкерлерді дамыту, коммуникация сапасы, көшбасшылық және отбасымен серіктестік бағаланады.

Ата-аналардың қанағаттануы мен оң пікірлері индикатор болып табылады.

Балабақшалар жыл сайын педагогтерге конференциялар өткізеді, онда әр баланың жетістігі талқыланады. Қызметкерлер жыл сайын қосымша оқытудан өтеді.

Финляндияда мектепке дейінгі білім беру сапасына мониторинг жүргізудің екі бағыты айқындалған: инспекция арқылы сыртқы тексеру және өлшемшарттар бойынша өзін-өзі бағалау рәсімі арқылы ішкі тексеру: білім беру процесінің сапасы, қолданылатын материалдар; қызметкерлердің біліктілігі; оқытудың жалпы сапасы; командалық жұмыс және штаттық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас; уақытты басқару және жоспарлау; қызметкерлердің заттарды, еңбек жағдайларын білуі; қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан дамыту. Қосымша құрал ретінде ата-аналардан алынатын сауалнама қолданылады.

Финляндияда ерте оқыту және күтім жасау саласындағы қызметкерлердің біліктілігіне жоғары талаптар қойылады.

Қызметкерлердің жұмыс сапасын бақылау үшін тексеру мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

білім беру процесінің сапасы;

қолданылатын материалдар;

қызметкерлердің біліктілігі;

оқытудың жалпы сапасы;

командалық жұмыс және штаттық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас;

уақытты басқару және жоспарлау;
қызметкерлердің заттарды, еңбек жағдайларын білуі;
қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан дамыту.

Мектепке дейінгі білім берудің нәтижесі ретінде берілетін оқытудың негізгі нәтижелерінің мынадай сапаларының тізбесі ұсынылады:

элеуметтік нормалар мен ережелерді білу (дұрыс немесе бұрыс);
өзгенің ұстанымын қолдауға дайын болу, келісу (бөлісу және кезек сақтау);

өзгелермен өзара ынтымақтастыққа және қарым-қатынас жасауға қабілетті болу;

білуге құмарлық таныту және зерттей білу;
әңгімелесе білу (тыңдау және жауап беру);

өзін-өзі бағалауы және өз пікірімен үйлесімде болуы (өзіне риза болуы);
жақсы дамыған физикалық үйлесімділікке ие болу, салауатты әдеттерді меңгеру, шығармашылық әлеуетке ие болу (шығармашылық ұжымдық іс-шараларға қатысуға дайын болу және одан ләззат алу);

өзінің отбасы мен достарын, педагогтер мен балабақшаны жақсы көру және құрметтеу.

Балабақшадағы әр тоқсан «Ғажайыптар апталығы» (Weeks of Wonder) жобасымен аяқталады. Бұл зерттеу жобасы командалық жұмыс болып табылады, онда балалар құрдастарымен және мұғалімдерімен өзара қарым-қатынаста өздері таңдаған тақырыпты зерделейді. Осындай жобалар арқылы өзгелермен өзара әрекет ету, ережелерді орындау, элеуметтік қатынастарды меңгеру және т. б. қалыптасады.

Сингапурда 2019 жылы 2 айдан бастап 7 жасқа дейінгі балаларға сапалы және үздіксіз білім беруді іске асыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру сапасы Сингапур Республикасының SPARK (SPARK — Singapore Preschool Accreditation Framework) аккредиттеу және сертификаттау жүйесінің көмегімен бағаланады. Бұл сертификаттау және аккредиттеу ерікті болып табылады.

SPARK бағдарламасы бойынша сертификаттаудан өткісі келетін балабақшаларға ұсынылатын қолдау шараларының бірі-сапаны куәландыратын «коучинг сызбасы» болып табылады. Жаттықтырушылар ECDA-да сәйкестендіруден өтеді және оқиды. Мұндай оқытуға өтінім ерікті негізде беріледі. Сыртқы сарапшылар балабақша жұмысының барлық құрылымындағы осал тұстарды анықтауға көмектеседі, сонымен қатар, дамыту бойынша ұсынымдар береді.

Оқытудың негізгі нәтижелері К2 бағдарламасын аяқтағаннан кейін және мектепке дейінгі білімнің соңында мектепке дейінгі білім беру нәтижесі ретінде белгіленеді және мектепке барған кезде балалар белгілі бір сапалар тізбесін меңгеруі тиіс.

Ресейде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің білім беру қызметінің сапасын бағалау.

Балабақшаға келген бала сапалы мектепке дейінгі білім алуы керек. Алайда, ата-аналардың, тәрбиешілердің, мұғалімдер мен ғалымдардың мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы пікірлері қарама-қайшы болып келеді. Білім беру процесінің жоспарланған нәтижелерімен ұсынылған нысаналы бағдарлар педагогтерге жұмысының тиімділігі мен тиімсіздігін нақты көрсете алмайды.

Сапа параметрлерін анықтауға арналған негізгі ұстанымдар:

- білім, біліктер мен дағдылар;
- баланың мектепке дайындығы;
- бала дамуының психологиялық-педагогикалық жағдайлары;
- педагогтің кәсіби құзыреттілігі;

сонымен қатар, білім беру қызметінің сапасын бағалауда мектепке дейінгі ұйымның қоғамдағы беделі және т. б. көрсеткіштер ескеріледі.

МДҰ-да мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың интегралдық өлшемшарттары:

- баланың аман-саулығы және балабақшада жайлы жағдай жасау;
- балабақшаның бала денсаулығын сақтауға және дамуындағы кемшіліктерін түзетуге дайындығы;
- білім берудің келесі сатысындағы баланың жетістігі;
- мектепке дейінгі мекеменің қызметтеріне отбасы мен баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалауды ұйымдастырудың қарастырылған шетелдік тәжірибелері мектепке дейінгі білім берудің отандық тәуелсіз сараптама жүйесін қалыптастырудың өнімді бағыттарын түсінуге және жоғары сапалы білім беру қызметтеріне деген әлеуметтік тапсырысты өзектендіруге ықпал етеді.

ECERS ШКАЛАЛАРЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ МЕН ДАМУЫН БАҒАЛАУ ӘДІСІ

Бұл құрал 1980 жылы Солтүстік Каролина университетінде (АҚШ) әзірленді, 2005 жылы өзгертілді, кейінірек Британдық мамандармен бірге Early Childhood Environment Rating Scale (ECERS-R) қосымша шкаласы әзірленді, ол балаларды оқу дағдыларын меңгеруге дайындауға баса назар аударды (ECERS – E 2010ж.). Мектепке дейінгі білім беру үшін бұл ECERS – R шкаласы болып табылады.

ECERS шкалаларының таралу деңгейі өте жоғары; ол заңды түрде қолданылатын барлық елдерді атап шығу мүмкін емес. АҚШ пен Канададан басқа, бұл шкала Еуропа мен Азияның барлық елдерінде белгілі бір деңгейде қолданылады; Германияда, Англияда, Швецияда, Данияда ECERS-R шкаласы жоғары сенімділікті сақтай отырып стандарттаудан өтті. Бұл әдіс 20-дан астам елде қолданылады және 16 елде аударылып, ресми түрде жарияланды.

ECERS-3 шкалалары 2,5 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапасын бағалауға арналған. Оларды МДҰ басшылары балабақша қызметінің тиімділігін бағалау және жұмыс сапасын арттыру, тәрбиешілер - өзін-өзі бағалау, бақылаушы органдардың қызметкерлері-мониторинг жүргізу үшін қолдана алады.

ECERS - 3 шкалаларының сенімділігі мен шынайылығын әлем мойындады, сондықтан олар МДҰ-ның қызметін зерттеу және білім беру сапасын бағалауда пайдалы болып табылды.

ECERS тұрғысынан «**білім беру сапасы**» дегеніміз не?

үлгі бойынша әрекет етпейді, өзі құрастырады;

мәселелерді шешеді, педагогтен көмек сұрамайды;

тыңдап қана қоймайды, сөйлейді;

балаға қайда бару керектігін айтпайды, өзінің қызығушылығына сәйкес әрекет етеді;

таңдау жасайды;

жұмыс дәптерлеріне емес, өз кітапшаларына жазады;

үлгі бойынша қайталамайды, өнерін көрсетеді;

мәселені шешеді, біреудің айтқанына келісе салмайды;

нәтижені ғана емес, жұмыстың орындалу процесін бағалайды;

жай тыңдап қана қоймай, сұрақтар қояды;

ересектерден жауаптарды талап етпейді, өзі жауап береді;

дерексіз ұғымдарды меңгермейді, маңызды біліктерді үйренеді.

ECERS-3 шкалалары МДҰ-ның ортасы балалардың физикалық саулығын, өзін жайлы сезіну мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін, сондай-ақ мектепте және өмір бойы білім алу үшін қажетті білім мен ақыл-ой құзыреттілігін, оның нәтижелері бойынша балалардың даму қажеттіліктеріне қандай деңгейде жауап беретінін бағалайды.

ECERS - 3 шкалалары алты кіші шкалаларды біріктіретін 35 көрсеткіштен тұрады:

1. Заттық-кеңістіктік орта
2. Баланы қару және күтім жасау
3. Сөйлеу және сауаттылық
4. Белсенділік түрлері
5. Өзара қарым-қатынас
6. Бағдарламаның құрылымы

Олардың әрқайсысы 7 балдық бағалау белгілерін және 4 бағаларды базалық саралауды: 1 – «қанағаттанарлықсыз», 3 – «төмен», 5-«жақсы», 7-«өте жақсы» және олардың арасындағы аралық мағыналарды қарастырады.

Сапа көрсеткіштерінің әрқайсысын бағалаудың дәлдігін арттыру үшін мысалдар мен анықтамалар берілген.

Барлық көрсеткіштер үшін балл қою кезінде ECERS-3 шкалалары бойынша мектепке дейінгі ұйымда 3 сағаттық бақылау барысында не байқалғаны ғана ескеріледі.

Бағалауды өткізген маман нақты балды анықтай алады және МДҰ-ның келешекте дамуын белгілей алады. Шкалалармен жұмыс істеген кезде қызметкерлермен сауалнама жүргізілмейді.

Шкалалар оларды бір бөлмеде немесе 2,5 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балалар тобында қолдануға болатындай етіп әзірленген.

3 жастан кіші балалар үшін ITERS шкаласы қолданылады, бақылаушының міндеті-бақылау кезінде не болып жатқанына назар аудару.

Бақылаушы өзінің тікелей жұмысына 8.30-дан 11.30-ға дейін кем дегенде 3 сағат бөлуі керек.

VI. Бағдарлама құрылымы

Күн тәртібі.

Еркін ойын уақыты.

Топта жұмыс істеу уақыты.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасау.

Мысалы, күн тәртібін бақылау:

- белгілі бір материалдар балаларға қаншалықты қол жетімді;
- күту уақытының ұзақтығы;
- топтық сабақтардың ұзақтығы;
- балаларды қарауға байланысты режимдік сәттер (тамақтану, бесін асы, дәретхананы пайдалану);
- ірі моториканы дамытуға арналған сабақтарға бөлінген уақыт.

Бақылаушының болуы қоршаған жағдаяттарға әсер етпеуі тиіс.

Гигиенаға, денсаулыққа және қауіпсіздікке қатысты жағдайды бағалау кезінде бақылаушы деректерді ұлттық деңгейде қолданады. МДҰ-нан шықпас бұрын барлық көрсеткіштер мен индикаторлар бірден бағаланады.

Бағалау жүйесі

Бағалаудың айқындығын қамтамасыз ету үшін барлық бағалар бақылаушының қол жетімділігіндегі шкала белгілерінде көрсетілген аспектілерге негізделеді.

Бағалау жоспарларға емес, бақылау нәтижелері бойынша немесе тәрбиешілердің деректері бойынша ағымдағы жағдайға негізделуі керек. Балл қою үшін бақылау деректері болмаған жағдайда қосымша бөлінген уақытта тәрбиешілердің жауаптарын пайдалануға болады.

Шкала бақылау негізінде бланкілерді толтыруды қарастырады, оның барысында сарапшы орта элементінің (индикатордың) болуы немесе болмауы туралы белгі қояды. Осы немесе басқа белгіні бағалай отырып, әрқашан 1- деңгейінен бастаңыз (қанағаттанарлықсыз) және нақты баға алғанша жоғары қарай жылжу қажет. Әрбір көрсеткіште бағалау индикаторлары бар. Әрбір көрсеткіш 1-ден 7 баллға дейінгі индикаторлар бойынша бағаланады.

Шкаланың тармақтарын талдау ECERS көмегімен жүргізілетін орта сапасын бағалау келесі сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беретінін көрсетеді:

- Баланың эмоционалды әл-ауқатына қанша уақыт жағдай жасайды?

- Оқу процесінде қанша бала белсенді? Балалардың білуге қызығушылығын ынталандыру үшін қандай жағдайлар жасалған?
- Ересектер мен балалардың өзара әрекетінде теңгерім қанша сақталады?
- Қоршаған орта балалардың шығармашылық және сыни ойлауының дамуына қалай ықпал етеді?

Сараптама кезінде алынған нәтижелер белгілі бір уақыт кезеңіндегі белгілі бір топтың білім сапасының ең күшті және әлсіз жақтарын көрсетеді.

Бұл өзінді дамыту үшін қандай бағытты таңдауға және қаншалықты жүзеге асатындығын көруге мүмкіндік береді.

Жалпы, ECERS шкаласы аспектілер мен белгілер деңгейінде де, жиынтық бағалау деңгейінде де сенімді. Шкаланың барлық 468 индикаторы бойынша бағалардың сәйкес келу коэффициенті 85 құрайды%

КІШІ ШКАЛАЛАР ЖӘНЕ ECERS ШКАЛАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

I . Кеңістік және жабдықтар

1. Ішкі бөлме
2. Күнделікті күтім, ойындар мен жаттығуларға арналған жиһаз
3. Ойындар мен жаттығуларға арналған кеңістікті ұйымдастыру
4. Оқшауланған орындар
5. Балаларға арналған кеңістікті визуалды безендіру
6. Үлкен моториканы дамытатын ойындарға арналған кеңістік
7. Ірі моториканы дамытуға арналған жабдық

II . Балаға қарау және күтім

8. Тамақтану/жеңіл-желпі тамақтану
9. Дәретхананы пайдалану
10. Гигиена
11. Қауіпсіздік

III . Сөйлеу және сауаттылық

12. Балаларға сөздік қорын кеңейтуге көмектесу
13. Балаларды қарым-қатынасқа тарту
14. Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітаптарды пайдалануы
15. Балаларды кітаптарды қолдануға баулу
16. Баспа сөзімен / мәтінімен танысу

IV . Белсенділік түрлері

17. Ұсақ моторика
18. Өнер
19. Музыка / қимылдар
20. Текшелер
21. Рөлдік ойындар
22. Табиғат/ғылым
23. Математика және математикалық әрекеттермен айналысуға арналған материалдар
24. Күнделікті әрекеттегі математика
25. Графикалық түрде бейнеленген сандарды түсіну

26. Әртүрлі ақпараттарды қабылдауға ықпал ету

27. Техникалық құралдарды қолдану

V. Өзара ынтымақтастық

28. Ірі моториканы дамыту бойынша балалардың әрекетін бақылау

29. Оқыту мен үйретудегі жеке тәсіл

30. Қызметкерлер мен балалардың өзара әрекеті

31. Балалардың бір-бірімен өзара әрекеті

32. Тәртіп

VI. Бағдарламаның құрылымы

33. Әрекеттің ауысуы (көшу) және күту уақыты

34. Еркін ойын

35. Топтық сабақтар: ойындар және оқу

Осындай құралды қолдану педагогке сараптамалық ұстанымға ие болуға, баланың қажеттіліктеріне өзінің «зерттеуін» бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл оның білім беру сапасын және жалпы балабақшада болу жайлылығын жақсарту үшін маңызды.

Осылайша, ECERS-3 мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы білім беру үшін жағдай жасау саласында Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің тұжырымдамасына сәйкес келеді.

ECERS-3 балалардың нәтижелерін емес, білім беру ортасын бағалауға негізделген. Сонымен қатар, шкала айқындықпен және құралдың сенімділігімен ерекшеленеді.

ECERS-3 шкаласы халықаралық жүйе бола отырып, нәтижелерді тек біздің елдің ішінде ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде де салыстыруға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың тәсілдері мен бағыттарын талдау бағалау шараларын мектепке дейінгі білім берудің бүкіл отандық жүйесінің келешегі мен дамуының көрсеткіші ретінде, ал мектепке

дейінгі ұйымдағы білім беру қызметтерінде оның белгілі бір нормаларға немесе техникалық шарттарға сәйкестігін тұтынушылардың (мемлекет, қоғам, балалар және олардың ата-аналары) білім беру сапасына қажеттіліктерін қанағаттандыру ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын түсінудің бірыңғай тәсілінің болуы білім беру жүйесінің барлық субъектілері қызметінің келісілуін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Ал бұл азаматтардың сапалы мектепке дейінгі білім алу құқығын іске асыруға ықпал ететін болады.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын анықтау өзекті мәселеге айналды. Ол МДҰ саласында қолданыстағы заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап етеді.

ECERS-3 шкаласы мектепке дейінгі бағдарламалардың сапасын, әсіресе халықаралық салыстырмалы зерттеулерге байланысты зерттеудің өте қызықты құралы болып қала береді, себебі олар қолданылатын елдер саны бойынша сөзсіз көшбасшы болып табылады.

Сонымен қатар, бұрын сараптамаға айтарлықтай үлкен уақыт шығындары пайдаланылғанын және сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі орын алғанын атап өткен жөн.

Осы тәсілде мектепке дейінгі ұйым басшысының алдында ресурстарды оңтайландыру және үнемдеу орын алады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын бағалаудың бұл әдісі басшыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайында білім беру процесінің сапасын арттыру тұрғысынан басқарушылық шешімдер қабылдау процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, ECERS-3 жүйесін енгізу арқылы мектепке дейінгі ұйымда білім беру нәтижелерінің сапасын бағалау бойынша жобаны тиімді басқару мектепке дейінгі ұйымды дамудың жаңа инновациялық деңгейіне өтуіне әкеледі.

**Әлемдік тәжірибеде қабылданған балабақшалардың жұмысы сапасының индикаторларын енгізу бойынша
(АҚШ, Финляндия, Сингапур, Ресей жұмыс тәжірибесінен) ұсынымдар**

№	Мектепке дейінгі ұйымның сапасын сипаттайтын өлшемшарттар	бағалау			қанағаттанарлықсыз
		өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	
I. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫНЫҢ САПАСЫ					
1.1	ерте жастағы балаларды қамту				
1.2	білім беру процесінің сапасы;				
1.3	педагогикалық диагностиканы жүргізудің әртүрлі тәсілдерін белгілейтін вариативтік білім беру әдістерін қолдану;				
1.4	заттық дамытушы орта (әртүрлі аймақтарды ұйымдастыру нормалары (ойын, музыка, өнер және т. б.);				
1.5	білім беру процесін бейімдеу деңгейі				
1.6	балаларды мектепке дайындау сапасы				
1.7	педагогтер мен тәрбиеленушілер қызметінің табыстылығы				
1.8	қызметкерлердің кәсіби дамуы (жартысынан көбінде ерте даму саласында білімі болуы тиіс)				
1.9	штаттық қызметкерлер арасындағы командалық жұмыс және қарым-қатынас				
1.10	әр баланың жетістігі талқыланатын педагогтердің жыл сайынғы конференциялары				
II. ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ					
2.1	бейінді білім беру деңгейі бар педагогтердің пайыздық арақатынасы				
2.2	педагог кадрларды аттестаттау нәтижелері;				
2.3	педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер				
2.4	педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің ерекшеліктері				
2.5	қызметкерлер жыл сайын қосымша оқытудан өтеді				

2.6	құзыретті басшы				
2.7	бақылаудың, диагностиканың әртүрлі нысандарын жүргізу				
2.8	баланың дамуын түзету бойынша консультациялар				
ІІІ. МДҰ-ДА БАЛАЛАРҒА ЖАСАЛАТЫН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЛАР					
3.1	білім беру процесін барлық қажетті құралдарымен және жабдықтармен қамтамасыз ету;				
3.2	МДҰ-да материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлардың деңгейін арттыру				
3.3	мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сырқаттанушылық статистикасы				
3.4	тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтаудағы көрсеткіштер (бір баланың ауруы бойынша күндер санының азаюы);				
3.5	олардың психикалық, физикалық денсаулығын сақтау (хореография, тұзды шахта және т. б.),				
3.6	баланың қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін ойыншықтармен, ойын жабдықтарымен қамтамасыз ету				
3.7	балабақшаның аумағы (топ алаңқайларының Санитарлық нормаларға сәйкестігі)				
ІV. БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ					
4.1	сөйлеудің даму деңгейі және балаларға арналған кітаптардың қолжетімділігі;				
4.2	МДҰ-да балалардың жеке даму көрсеткіштері (шығармашылық, ынта, креативтілік, еркіндік, қызығушылық, тапқырлық, адамгершілік даму дәрежесі және т. б.)				
4.3	баланың мектепте оқуға дайындығының деңгейі				
4.4	балалардың байқауларға, фестивалдарға, түрлі жарыстарға қатысуы				
4.5	әлеуметтік нормалар мен ережелерді біледі (ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін);				
4.6	әңгімелесе алады (тыңдайды және жауап береді)				
4.7	отбасын, достарын, педагогтерді және мектепті жақсы көреді және құрметтейді				

4.8	баланың даму динамикасы (білім беру қызметі барысында баланың жетістіктерін тіркейтін балалар портфолиосы; баланың жеке даму картасы, жеке дамудың әртүрлі шкалалары);				
Ү. ТАМАҚ САПАСЫ					
5.1	теңгерімді және құнарлы тамақтануды ұйымдастыру;				
5.2	тамақтануды ұйымдастыруды толыққанды жарықтандыру;				
5.3	асхана блогы қызметкерлерін медициналық бақылаудан өтуі				
5.4	асхана блогын санитарлық-гиеналық бағалау				
5.5	мәзірдің маусымдылығы				
5.6	бракераждық комиссия				
ҮІ. КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ					
6.1	баланың отбасы тарапынан ата-аналардың мектепке дейінгі білім беруге қанағаттану деңгейі				
6.2	баланың әл-ауқаты және оның балабақшада болу жайлылығы;				
6.3	МДҰ-ның балалардың отбасыларымен бірлескен іс-шараларына ата-аналардың қатысуы;				
6.4	күні бойы (сыныпта) ересектердің баламен немесе ересектердің балалар тобымен өзара әрекет етуі				
6.5	тұтынушылармен кері байланыс (сұрақтар, сауалнама нәтижелері)				
6.6	ата-аналарға баланың топтағы әрекеті туралы толық ақпарат қолжетімді				
ҮІІ. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛАУЫ					
7.1	мектепке дейінгі ұйымның қоғамдағы беделі;				
7.2	халыққа ашықтығы;				
7.3	МДҰ-ның ресми сайтындағы ашық қолжетімді пікірлер,				
7.4	басқа да мектепке дейінгі ұйымдар арасында танымалдылығы				

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-III.
3. «Педагогмәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI.
4. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
5. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы).
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары 2017 ж. 17 тамыздағы ҚР ДСМ № 615 бұйрығы.
8. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығы.
9. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж. 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (ҚР БҒМ 2020 ж.12 мамырдағы № 195 бұйрығы).
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы).
11. «Ерте жастағы балаларға арналған заттық-дамытушы орта» стандарты, сайт irrd.kz. «Әдістемелік ұсынымдар» бөлімінде 2019 ж.
12. «Ойын жабдықтарына қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар», «Ерте жастағы балаларға арналған заттық– кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына қойылатын стандарт талаптары». сайт irrd.kz. «Әдістемелік ұсынымдар» бөлімінде 2019 ж.
13. Юдина Е.Г., Шкалы ECERS как метод оценки качества и развития российской системы дошкольного образования.
14. Богуславская Т.Н. Типология подходов к оценке и определению качества дошкольного образования.
15. Сейдаметова Э.Н. Качество дошкольного образования и формирование подходов к его оценки в условиях введения ФГОС // Молодой ученый. – 2016. – №8. С. 1028 – 1031. – URL
16. Журнал «Детский сад: теория и практика» № 10/2016 «Оценка качества дошкольного образования»

17. Сафонова О. А. Управление качеством образования в дошкольном образовательном учреждении : учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / О. А. Сафонова. — М. : Издательский центр «Академия», 2011. — 224 с.
18. Качество дошкольного образования: состояние, проблемы, перспективы. / Редактор- составитель Т.И. Оверчук.- М.: Изд-во "ГНОМ и Д", 2002.-240с.
19. Сейдаметова, Э. Н. Комплексная оценка качества образовательной деятельности дошкольного образовательного учреждения /
20. Э. Н. Сейдаметова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 9 (113). — С. 1176-1179. — URL: <https://moluch.ru/archive/113/28671/> (дата обращения: 28.08.2020).
21. Хармс Т. Шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях: переработанное издание / Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер. – М.: Издательство «Национальное образование», 2016. – 130 с.
22. ECERS-3 Шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях, изд Национальное образование, Москва 2019 г.

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба	3
2. «Мектепке дейінгі білім беру сапасы» түсінігі және мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың әдіснамалық тәсілдері	4
3. ҚР қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау параметрлері	7
4. Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау және мониторинг жүргізудің әлемдік тәжірибесі	11
5. ECERS шкалалары мектепке дейінгі білім беру сапасы мен дамуын бағалау әдісі	13
6. Қорытынды	18
7. Қосымша	19
8. Пайдаланылған әдебиеттер	22

*Разработаны на базе «Института раннего развития детей»
Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Методические рекомендации по проведению рейтинга оценки качества дошкольных организаций, Нур-Султан, 2021 - 45 стр.

Рецензенты:

Арзанбаева Б.О. к.п.н., доцент
Мухаметжанова А. М., заведующая
Мангазинова А.Ж., методист

